


Студенттер сарайының жаңарған қасбеті

Студенттер сарайы - Ақтөбе облысының ірі мәдени орталықтарының бірі. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің мәдени-демалыс қызметінің негізгі нысаны болып табылады. Кешен 1999 жылы салынған, концерт залы 800 көрерменге арналған. Бүгінгі таңда Студенттер сарайы ең заманауи техникалық құралдармен жабдықталған, қашықтықтан оқытуға қажет музыкалық жазба студиясы, онлайн дәрістер жазуға арналған теледидар студиясы бар. Гимараттың бірінші және екінші қабаттарында екі үлкен фойе бар. Студенттер сарайында барлық үлкен көлемді студенттік іс-шаралар, сонымен қатар кейбір қалалық және облыстық фестивальдер өткізіледі.



Уважаемые студенты!

Согласно требованиям безопасности университета, вход и выход из учебных корпусов осуществляется через контроль с помощью ID-карты (проходной карты).

- ID-карта — пластиковая карта, содержащая данные о студенте, необходимая для прохода в здание и выхода из него.

- ID-карта выдается бесплатно в первый год обучения.

- После окончания обучения карта обязательно возвращается в университет.

- Получить ID-карту можно в Службе безопасности, в главном корпусе университета (пр. А. Молдагуловой, 34).

- В случае утери, повреждения или порчи возможно восстановить карту в Службе безопасности за отдельную плату.

Обратите внимание

- Не покупайте ID-карты через мессенджеры или у посторонних лиц.

- Если вы нашли чужую ID-карту, обязательно сдайте ее в Службу безопасности.

- Использование, покупка или перепродажа чужих карт запрещены.

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №К226VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі: ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор Жадыра Арэн

Аудармашы Айттолқын Әмірхан

Дизайнер: Айнұр Тлешова

Фотограф: Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы: 030000, Ақтөбе қаласы, Ө.Молдагулова даңғылы, 34 М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail: zhubanovpress@mail.ru Сайт: http://zhubanov.edu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды

№1 (516)
20 қаңтар
2026 жыл

Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

«БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ БЕЛЕС»: ЕГІЗ СТУДЕНТТЕР МАЛАЙЗИЯ ДАН КЕЛДІ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ІСКЕ АСЫП ЖАТЫР

2-БЕТ

УНИВЕРСИТЕТ ТАНДАҒАН БАҒЫТ - ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САПА

6-БЕТ

УНИВЕРСИТЕТ ОҚЫТУШЫСЫ «INSTRUCTOR OF THE YEAR» МАРАПАТЫНЫҢ ИЕГЕРІ

7-БЕТ

Мемлекет басшысымен сұхбат

2026 жылдың 5 қаңтар күні «Turkistan» газетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың аталған басылымның бас редакторы Бауыржан Бабажанұлына берген кең көлемді сұхбаты жарияланды. Сұхбат барысында Президент еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жүргізіліп жатқан реформалар және қоғамның түрлі салаларын жаңғырту мәселелеріне қатысты маңызды сұрақтарға жауап берді.

Президент әділетті қоғам қалыптастыру үшін заң үстемдігі мен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға басымдық берілетінін айтты. Сондай-ақ, адами капиталды дамыту, білім мен ғылымды қолдау ел болашағының берік іргетасы екенін жеткізді.

Пікір



ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ІСКЕ АСЫП ЖАТЫР

2025 жылы жаһандық дамудың басты тренді жасанды интеллект болды. Бұл технология елдің экономикалық қуатына, еңбек нарығына және технологиялық көшбасшылығына ықпал ететіндіктен, озық елдер бұл бағытты өз басымдығына айналдырып отыр. Осы тұрғыда елімізде цифрландыру мен жасанды интеллект бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетінде жарияланған сұхбаты —



осы стратегиялық бағыттың айқын көрінісі. Президенттің «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек», деген пікірі — нақты нәтижелермен өлшеніп отырған мемлекеттік саясат.

Соның айқын дәлелі — 2025 жылдың желтоқсанында Oxford Insights ұйымы жариялаған Government AI Readiness Index 2025 рейтингіндегі Қазақстанның көрсеткіші. Аталған зерттеуде еліміз 195 мемлекеттің ішінде 60-орынға көтеріліп, бір жыл ішінде 16 сатыға жоғарылады. Бұл жасанды интеллектті мемлекеттік басқару, экономика және қоғамдық өмірге енгізу бағытында жүйелі қадамдардың нәтиже бере бастағанын көрсетеді.

Аймақтық тұрғыда Қазақстан Оңтүстік және Орталық Азия елдері арасында Үндістан мен Түркиядан кейін үшінші орынға шықты. Бұл Президент атап өткен цифрлық трансформацияның институционалдық деңгейде іске асып жатқанын айғақтайды.

Мемлекет басшысы атап өткендей, цифрлық держава болудың басты шарты — адами капитал. Осы тұрғыда жоғары білім беру жүйесінің рөлі айрықша. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу — Президент сұхбатында көтерілген идеялардың нақты іске асу үлгісі.

Бүгінде университеттің барлық бакалавриат студенттері, яғни 14 мыңнан астам білім алушы жасанды интеллект негіздері бойынша оқытудан өтті. Оқу халықаралық онлайн платформалар

арқылы жүргізіліп, студенттердің басым бөлігі ЖИ құралдарымен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгерді. Бұл — «тек таңдаулыларды емес, тұтас ұлтты технологиялық тұрғыдан дайындау» қағидатына сай келетін жүйелі қадам.

Сонымен қатар Ғылым және жоғары білім министрлігі жетекшілігімен AI-SANA ұлттық жобасы аясында студенттер нақты стартап жобаларды әзірлеуге кірісті. Киберқауіпсіздік, білім беру, спорт, қабылдау комиссиясының цифрлық сервистері, жұмысқа орналасу және университетішілік коммуникация бағытындағы жобалар жасанды интеллекттің абстрактілі ұғым емес, нақты шешімге айналып жатқанын көрсетеді.

Президент сұхбатында айтылған «қоғамның ой-санасы инновацияға дайын» деген тұжырым дәл осы университет жастарының белсенділігімен расталып отыр. Жасанды интеллектті меңгерген студент — ертеңгі мемлекеттік қызметкер, инженер, педагог немесе кәсіпкер. Демек, цифрлық держава идеясы аудиториядан басталып, ұлттық экономикаға ұласатын ұзақ мерзімді стратегияға айналууда.

Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысының «Turkistan» газетінде айтқан ойлары елімізде іске асырылып жатқан цифрландыру бағытындағы жобалардың даму бағытын айқындай түсті.

Лаура Қарабасова,
Zhubanov university ректоры

Студенттік клуб

«BIGFAM» СТУДЕНТТІК БИ КЛУБЫ



BigFam студенттік би клубының негізгі мақсаты – жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, би өнері арқылы студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау. Клуб мүшелерінің өнерге деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың сахналық мәдениетін, өзіне деген сенімділігін және командалық жұмыс дағдыларын жетілдіруді көздейді.

BigFam би клубы заманауи және ұлттық билерді ұштастыра отырып, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, мәдени орта қалыптастыруға және жастар арасындағы достық пен бірлікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар мен байқауларға қатысу арқылы оқу орнының шығармашылық беделін көтеруді басты міндеттерінің бірі деп санайды.

Жетістіктер
1.Алғыс хат: «DD Family» вокалды-хореографиялық ансамблі: «Ақтөбе облысының корейлер қауымдастығы» ынтымақтастығы және олардың іс-шарасына белсенді қатысқаны үшін.

2.Алғыс хат: Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры П.Я.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштері Әскери институтының қолбасшылығы мен жеке құрамы «Кадеттік бастаманы» өткізуге көрсеткен көмегі үшін.

3.Zhubanov university “Жыл үздігі - 2021” номинациясымен марапатталды.

4.Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жыл қорытындысы бойынша “Үздік би клубы - 2023” номинациясымен марапатталды.

5.Заманауи биден Ақтөбе қаласының «Әкім Кубогы» Қайырымдылық Чемпионатында SHOW NOMINATION бойынша 1 орынға ие болды.

6.Қала күніне арналған “Show Crew” номинациясы бойынша Ақтөбе қаласының чемпионаты.

7.Екі Мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе Қорғаныс Күштері Әскери институтында өткен “Осенний призыв” атты студенттер күніне арналған іс-шара атсалысқаны үшін марапатталды.

8.“Dance Kazakhstan’s Fiestalonia 2024” Халықаралық конкурстан 1 орын иегері

9. «Dance world» Республикалық конкурс-фестивалі 1 орын иегері

10.Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жылқорытындысы бойынша “Үздік би клубы - 2025” номинациясымен марапатталды.

Ақтілек Естөреқызы
«Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

ҒАЛЫМДАР ӨМІРІНЕН ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

- Әйгілі ғалым Дмитрий Менделеев тек химик ғана емес, энциклопедияларға арналған көптеген ғылыми мақалалардың авторы болған.
- Ағылшын ғалымы Джон Дальтон көздің түс ажырата алмау ауруын зерттеуінің арқасында танымал болды. Ол бұл аурумен өзі де ауырған, сондықтан дерттің атауы «дальтонизм» деп аталды.
- София Ковалевская ата-анасының кедейлігінен үлкен математик болды. Шындығында, олар тұсқағаздың орнына қабырғаларға әйгілі профессордың дәрістер парақтарын жабыстырған. Бұл кішкентай қызды қызықтырды.
- Галилео Галилей әкесінің қалауымен алғашында Пиза университетінің медицина факультетінде білім алған.
- Исаак Ньютон басына алма құлап түскеннен кейін бүкіләлемдік тартылыс заңын ашты деген аңыз бар.
- Андрей Гейм — физика саласындағы ерекше жетістігі үшін Нобель сыйлығын да, әзілге негізделген Шнобель (Ig Nobel) сыйлығын да алған жалғыз ғалым.
- Сынбайтын әйнекті (триплекс) химик Эдвард Бенедиктус кездейсоқ ашқан: ол зертханада нитроцеллюлоза құйылған құтыны құлатып алып, оның шашырап кетпегенін байқаған.
- «Вазелинді» ойлап тапқан Роберт Чесбро мансабының басында кашалоттардың майынан керосин алумен айналысқан.
- Томас Эдисон тек өнертапқыш ғана емес, өз өнімдерін нарыққа шығара білген іскер кәсіпкер болды.
- Стивен Хокинг күрделі космологиялық теорияларды қарапайым тілмен түсіндірген ұлы ғылым насихаттаушысы.
- Рене Лазанек ұялшасуынан әйел пациенттердің кеудесіне құлағын қойып тыңдамау үшін стетоскопты ойлап тапқан.
- Дмитрий Менделеевтің ерекше хоббиі болған: ол бос уақытында чемодан жасаумен айналысқан.
- Өмірінің соңында Стивен Хокинг толықтай сал болып қалып, тек бет бұлшықетінің көмегімен арнайы синтезатор арқылы сөйлей алды.
- Рудольф Дизель ішкі жану қозғалтқышын ойлап тауып, техника саласында төңкеріс жасады. Оның өлімі жұмбақ жағдайда (суға батып кеткен) орын алған.
- Томас Парнеллдің тәжірибесі бүкіл ғылыми тарихтағы ең ұзақ эксперимент болып саналады.
- Чарльз Диккенс әрқашан бетін солтүстікке қаратып ұйықтайтын.
- Никола Тесла тамақтану кезінде әрдайым 18 майлықты қолданған.
- 1789 жылы шотланд ғалымы және инженері Джеймс Уатт алғаш рет «ат күші» терминін қолданды.

Сайт беттерінен дайындаған:
Нұрсұлтан Имашев
Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

☑ Студент шығармашылығы

Жарамды өлең емдейді



Гайдар Сағиев
Қазақ филологиясы
білім беру бағдарлама-
сының 2 курс студенті

Уайымға, қалқам, - салынба!

Қаяу болып тұрмасын,
Көңіліңде жарты мұң.
Ең бір жақын сырласың,
Өз жүрегің жарқыным.

Талайды өлі көрерсің,
Жанарың жасқа малынып.
Зырылдап өмір сүрерсің,
Ілініп жүріп, салынып.

Қаласың кейде сырқатып,
Тыя көрме тек күлкіңді.
Өмірдің өзі-бір бақыт,
Аспанға лақтыр бөркіңді!

Түсірер кейде көңілді,
Күшіктер менен бөлтірік.
Шын сүйе білсең өмірді,
Құдайың берер мол қылып.

Сыйды біреуден сұрама,
Сыйласқандарды сыйлайсың.
Сүріндім-ау деп жылама,
Шегініп барып зулайсың!

Айырып ақ пен қарасын,
Өмірдің қилы жолында.
Ойлаумен тартыс-таласын,
Уайымға қалқам салынба!

Өлең-дауа

Бүгінім мынау кешегі,
Өңімде көрген түс еді.
Болашағымды ойласам,
Өткенім еске түседі.

Ол кезде қиын қыс еді,
Көңіл назардан тыс еді.
Сол жылы күзгі жидектер,
Теріс мезгілде піседі.

Қиындық кезең күтеді,
Құлындық кезім өтеді.
Жанымның емі қара өлең,
Бір күні ол да кетеді.

Дейсің бе маған досым-ай,
"Өмірден неге түңілдің?"
Налымадым, тек осылай,
Өлең-дауаға жүгіндім.

Жарамды өлең емдейді,
Кеудемді өксік көрнейді.
Тіріге қарап сүрермін,
Өлгендер қайтып келмейді.

Жұбатар ішкі зарыңды,
Келмеске кетті сан-арман.
Ұйықтап кеткен — Табылды,
Мәңгіге енді жоғалған.

Шерткенде ішті шер-қайғы,
Іздейді жүрек Меңтайды.
Болмаған кезде сырласым,
Кезгім келеді Кеңсайды.

Қиялымда - бір күндерде,
Ел аралаймын — Шоқанмен.
Әңгіме құрып түндерде,
Отырам кейде — Мұқанмен!

Тлуыстарға

Үнсіздеуім көрі ағаштың жанына кел,
Жәймен ғана толқы жүрек, налыма тек.
Телефоным шырылдаса шыр-пыр болам,
"Туысқаным хабарласып қалдыма?" деп.

Оқиғалар еске түсіп ескі небір,
Шекеңдегі сұрағыңды шешті ме жыр.
Жақын сырлас болмасақ та сыйласайық,
Көзді ашып-жұмғанша бес күн өмір!

Бәрібір де бірі сайда, бірі ойда,
Бар кезінде ағайынмен күліп-ойна.
Бұйымтайдан тыс уақытта шын іздесең,
Бауырлығың көрінеді осындайда!

Шын бауырлар қиын кезде бірлескендер,
Сырын ұғып тілсіз-ақ тілдескендер!
Бірге туған бір әулеттің ағайыны,
Күнің сөніп қалғанша күндеспендер!

"Тату бол" деп жарияға салайын жар,
Күнің біреу, аспанда бір айық бар.
Адамда да жалғыз мүше "бауыр" деген,
Амандықты сұрасыңдар ағайындар!



☑ Отзывы на интервью



ОТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ВЫЗОВОВ К ЦИФРО- ВОМУ ПРОРЫВУ: КЛЮ- ЧЕВЫЕ ТЕМЫ ИНТЕР- ВЬЮ ПРЕЗИДЕНТА

Важным политическим событием в начале 2026 года стало публикация в газете Turkistan интервью Президента Касым-Жомарта Токаева. В этом интервью глава государства продемонстрировал стремление к открытому диалогу с обществом, затронув ключевые вопросы государственной стратегии, социально-экономического развития, а также важные направления внешней и внутренней политики.

Одним из ключевых моментов интервью стало обсуждение экономических реформ и социальных вызовов. Учитывая обеспокоенность граждан ростом цен и тарифов, Президент подчеркнул ответственность руководства за реализацию проводимых реформ и поручил Правительству принять конкретные меры для смягчения их влияния на население страны. Как отметил Президент, проводимые экономические реформы играют важную роль в обеспечении устойчивого развития страны, поскольку они направлены на модернизацию экономики, повышение ее конкурентоспособности и улучшение качества жизни граждан.

Последовательная реализация реформ позволит укрепить социальную стабильность, привлечь инвестиционные ресурсы, обеспечить экономический рост и самое главное повысить благосостояние граждан республики в условиях глобальных экономических вызовов.

Разделяя позицию Президента, хочется отметить, формируемая государством на современном этапе фискальная политика станет для каждого казахстанца одной из эффективных

форм патриотизма и повысят общественно-гражданский интерес к рациональному использованию бюджетных средств. Все это, будет способствовать укреплению национальной валюты, снижению темпов потребительской инфляции и росту реальных доходов граждан Казахстана.

В интервью также было сфокусировано внимание на модернизации страны и технологическом процессе. Как отметил Президент, Казахстан вступил в новый этап модернизации, что подчеркивает важность развития цифровых технологий и искусственного интеллекта как фактора будущего роста. Объявление 2026 года цифровизации и искусственного интеллекта окажет существенное влияние на укрепление позиций страны в глобальной экономике.

Наряду с этим Президентом были озвучены важные внешнеполитические оценки, подчеркнув стратегическую значимость развития транспортного потенциала страны это укрепление транзитных коридоров и модернизацию железнодорожных путей, что позволит превратить Казахстан в транспортный HUB Евразии.

Резимируя, интервью Президента является важным социально-экономическим и политическим посылом отражающим как стратегические приоритеты государства, так и укрепление взаимосвязи государства с обществом.

Багдагуль Таскарина,
декан факультета экономики и
права, кандидат экономических наук

ПРИОРИТЕТЫ БУДУ- ЩЕГО: РАЗМЫШ- ЛЯ НАД СЛОВА- МИ ПРЕЗИДЕНТА

Президент нашей страны Касым-Жомарт Токаев в интервью газете «Turkistan» подвел итоги прошедшего года и рассказал о приоритетных направлениях дальнейшего развития нашей страны. Хотелось бы отметить несколько важных для меня лично моментов в данном интервью.

Президент отметил, что основная цель – построить цивилизованное, справедливое государство – может быть достигнута, в том числе и на основе качественного образования. Работая в сфере высшего образования, мы считаем себя ответственными в реализации этой высокой цели.

Неоднократно Касым-Жомарт Кемелевич высказывал мысли об ис-

тинном патриотизме, об особом энтузиазме нынешних молодых людей, о том, что «...будущее страны за талантливой, инициативной, патриотичной молодежью». Я абсолютно согласна с его рассуждениями по этому поводу, считаю, что студенты нашего университета отличаются именно этими качествами.

Для нас, работников сферы высшего образования, особенно важно, что нынешний год объявлен годом цифровизации и искусственного интеллекта, так как именно внедрение искусственного интеллекта и цифровая трансформация открывают новые возможности для развития научной сферы и совершенствования системы образования и науки. Так же, как и Президент нашей страны, верю, что «Казахстан должен стать цифровой державой», так как в нынешнюю эпоху без развития цифровизации и искусственного интеллекта мы не можем считать нашу страну цивилизованной.

Мне особо импонируют суждения Президента К-Ж.К. Токаева относительно личности Абая, ценности оставленного им наследия в виде «Слов назидания», не теряющих своей актуальности и в наше время. Ведь идеалы Абая вполне достижимы. Идеологическая акция «Таза Қазақстан», о которой в своем интервью говорил Президент, должна способствовать пути самосовершенствования человека. Три качества народа, обозначенные Касым-Жомартом Кемелевичем вслед за Абаем («Абай желал видеть наш народ трудолюбивым, просвещенным, нравственным»), на мой взгляд, и будут залогом построения прогрессивного государства.



Эльмира Идрисова
кандидат филологических наук,
доцент кафедры русской фило-
логии и межкультурной коммуника-
ции филологического факультета
АРУ имени К. Жубанова

Басты жаңалықтар



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ СПОРТТЫҚ КОУЧИНГКЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕНДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жасанды интеллект пен компьютерлік көру технологиясына негізделген жеке жаттығуға арналған интеллектуалды спорттық коучинг бағдарламасы әзірленіп жатыр. Жоба «Iron-BARS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тапсырысы бойынша жүзеге асырылып жатыр.

Бағдарлама спортшылар мен әуесқой пайдаланушылардың қозғалыс техникасын автоматты түрде талдап, жеке физикалық көрсеткіштеріне сәйкес жаттығу түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект алгоритмдері арқылы қозғалыстағы қателіктер анықталып, жаттығу процесінің тиімділігі артады.

Жобаның ғылыми жетекшісі – информатика және ақпараттық технологиялар кафедрасының доценті, PhD Әділжан Кереев. Оның айтуынша, бұл жоба – ғылым мен практиканың тоғысқан нақты нәтижесі.

«Жасанды интеллект негізіндегі бұл бағдарлама спорттағы жеке дайындықты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – студенттер нақты өндірістік тапсырмаларды шешу арқылы заманауи технологияларды тәжірибеде меңгеріп жатыр», – дейді жоба жетекшісі.

Жобаны іске асыруға «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасының студенттері Ерлан Аймұқанов мен Кирилл Пилипенко қатысып жатыр.

Орындаушы Ерлан Аймұқановтың айтуынша, бағдарлама компьютерлік көру технологиясы арқылы адамның қозғалысын нақты уақыт режимінде тануға негізделген.

«Бұл жоба бізге машиналық оқыту мен деректерді талдау әдістерін практикада қолдануға мүмкіндік берді. Жасанды интеллект жаттығу сапасын арттыруға нақты үлес қоса алады», – дейді ол.

Ал Кирилл Пилипенко бағдарламаның қолдану аясын кең екенін атап өтті: «Жүйе кәсіби спортшыларға да, спортпен әуесқой түрде айналысатын адамдарға да бейімделе алады. Бағдарлама пайдаланушының деңгейіне қарай жеке жаттығулар жиынын ұсынады», – дейді студент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде жасанды интеллектті ғылым мен инновацияны дамытудың негізгі тетігі ретінде атап өткен болатын. Президенттің айтуынша, жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен кадр даярлау – ел дамуының стратегиялық бағыты.

Осы тұрғыдан алғанда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жүзеге асырылып жатқан бұл жоба – Қазақстандағы қолданбалы жасанды интеллект зерттеулерін дамытуға және жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

РАЗРАБОТАНА ПРОГРАММА СПОРТИВНОГО КОУЧИНГА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

В Актюбинском региональном университете имени К.Жубанова разрабатывается программа интеллектуального спортивного коучинга для индивидуальных тренировок на основе искусственного интеллекта и технологии компьютерного зрения. Проект реализуется по заказу товарищества с ограниченной ответственностью «Iron-BARS».

Программа автоматически анализирует технику движений спортсменов и любителей спорта, подбирая им упражнения с учетом их индивидуальных физических параметров. Алгоритмы искусственного интеллекта выявляют ошибки в движениях, повышая эффективность тренировочного процесса.

Научный руководитель проекта – кандидат наук, доцент кафедры информатики и информационных технологий, PhD Адильжан Кереев.

Главные новости

По его словам, этот проект является реальным результатом взаимодействия науки и практики.

«Данная программа на основе искусственного интеллекта позволяет поднять индивидуальные тренировки в спорте на новый уровень. Самое главное, что студенты осваивают современные технологии на практике, решая реальные производственные задачи», – говорит руководитель проекта.

Студенты образовательной программы «Вычислительная техника и программное обеспечение» Ерлан Аймуканов и Кирилл Пилипенко принимают участие в реализации проекта.

По словам исполнителя Ерлана Аймуканова, программа основана на распознавании движений человека в реальном времени с использованием технологии компьютерного зрения.

«Данный проект позволил нам применить на практике методы машинного обучения и анализа данных. Искусственный интеллект может внести реальный вклад в повышение качества тренировок», – говорит он.

А Кирилл Пилипенко отметил широкий охват программы:

«Система может адаптироваться как к профессиональным спортсменам, так и к людям, занимающимся спортом на любительском уровне. Программа предлагает индивидуальные комплексы упражнений в зависимости от уровня пользователя», – говорит студент.

В своем выступлении глава государства Касым-Жомарт Тоқаев отметил искусственный интеллект как ключевой механизм развития науки и инноваций. По словам президента, научные исследования и подготовка кадров в области искусственного интеллекта являются стратегическим направлением развития страны.

Таким образом, данный проект, реализуемый в Актюбинском региональном университете имени К.Жубанова, является одной из важнейших инициатив, направленных на развитие прикладных исследований в области искусственного интеллекта в Казахстане и повышение научного потенциала молодых ученых и студентов.

gov.kz

Басты жаңалықтар

Өңірде жастарды заманауи IT-дағдылар мен технологияларға оқытатын IT парк ашу жоспарлануда

Өңірдің цифрлық трансформациясы және IT-кадрларды даярлау мәселелері облыс әкімі Ахмет Шағаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде қаралды.



Өңір басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағанын атап өтіп, бұл жыл облыс үшін бетбұрыс кезең болуы тиіс екенін айтты.

Жиын барысында интернет-инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік және мемлекеттік салаларға цифрлық әрі ЖИ-шешімдерді енгізу, сондай-ақ IT-кадрларды даярлау және ақпараттық технологиялар саласында жаңа білім беру алаңдарын құру мәселелеріне назар аударылды.

Цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Әсет Отарбаевтың айтуынша, телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту цифрландырудың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша интернетпен 294 ауыл қамтылған, оның ішінде 270 елді мекен мобильді байланыс арқылы, 24-і OneWeb спутниктік технологиясы арқылы қосылған. Жалпы алғанда, ауыл халқының интернетпен қамтылу деңгейі 98 пайыздан асты.

«5G желілерін дамыту жалғасуда: Ақтөбе қаласын-

да 82 базалық станция жұмыс істейді, аудан орталықтарында қосу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2026–2027 жылдары 206 ауылда тұрақты жоғары жылдамдықты интернет үшін талшықты-оптикалық байланыс желілері салынады, ал облыстың 9 ауданындағы республикалық маңызы бар автожолдар бойында 17 байланыс мұнарасы орнатылады», – деді Әсет Отарбаев.

Әлеуметтік саладағы цифрлық шешімдерге де ерекше көңіл бөлінді. Білім беру саласында «DaraBala» бірыңғай платформасы дамып келеді. Онда 272,5 мыңнан астам ата-ана және 356,2 мың бала тіркелген. Жүйе жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, сабаққа қатысуды автоматты түрде есепке алады, сондай-ақ жүктеме мен мекемелер жұмысының тиімділігі бойынша талдау қалыптастырады. Қазіргі таңда спорт мектептері мен секциялары арналған жаңа модульдер сынақтан өткізілуде.

Қоғамдық қауіпсіздік саласында өңірде 79 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған, оның шама-

мен 20 мыңы Жедел басқару орталығына қосылған. Бет-әлпетті және көлік нөмірлерін тану, түтін мен өртті анықтау, адамдардың жаппай жиналуын және құқықбұзушылықтарды тіркеу функциялары бар 834 интеллектуалды камера енгізілген. Бір жыл ішінде олардың көмегімен 250 қылмыс ашылған — бұл бұрынғыдан 79 пайызға көп, ал жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны 34 пайызға азайған.

Сонымен қатар өңірде аумағы 1 700 шаршы метрді құрайтын, жылына 300–400 студентті оқытуға есептелген IT Park ашу жоспарлануда. Оның базасында Tomorrow School — жасанды интеллект бойынша Peer-to-Peer мектебі және 12–18 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған, ЖИ саласында мамандану бағытын еркін таңдауға мүмкіндік беретін тегін TUMO Center инновациялық орталығы жұмысын бастайды.

Қорытындылай келе, облыс әкімі жекелеген жобалардан нақты нәтиже беретін жүйелі жұмысқа көшу қажеттігін атап өтіп, барлық басқармаға цифрлық трансформация картасын іске асыруға белсенді түрде атсалысуды тапсырды.

«Цифрландыру — басқару тиімділігін арттырып, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға тиіс стратегиялық маңызды сала. Барлық салалық басқармаларға цифрлық жобаларды қайта қарап, олардың практикалық тиімділігіне, әсіресе білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік салада басымдық беруді тапсырамын. Интернеті жоқ 17 ауылдық елді мекенді қысқа мерзімде тұрақты интернетпен қамтамасыз ету қажет және бұл мәселе тұрақты бақылауда болуы тиіс. IT-кадрларды даярлау жүйесін нарық сұранысына сәйкестендіріп, бағдарламалау, киберқауіпсіздік және деректерді талдау бағыттарын күшейту, сондай-ақ IT-компаниялармен тығыз өзара іс-қимыл орнату керек. Цифрлық бастамаларды үйлестіру үшін тұрақты жұмыс істейтін Цифрлық трансформация жөніндегі кеңес құрылады, ол жобалардың енгізілуін және халық үшін нақты нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді», – деп атап өтті өңір басшысы.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі

Басты жаңалықтар

Ғылым қолдаған ел озады

2026 жыл – ел ғылымы үшін айтулы кезеңге айналмақ. Мемлекет басшысы былтыр «Қытай – Орталық Азия» саммитінде жоғары технологиялық болашаққа қадам басуда адам капиталы, мықты кадрлық әлеуеттің қажеттілігін атап өтті. Бұл қадам ғылым мен технологияға тың серпін береді.



Республикада ғылым саласын қаржыландыру соңғы жылдары айтарлықтай көрсеткішке жетті. Деректерге сүйенсек, соңғы алты жылда ғылымға бөлінген қаржы 6 есеге дейін өсіп, 252,5 млрд теңгені құраған. Быыл «2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес білім және ғылым саласына 901,7 млрд теңге қарастырылып отыр. Бұл қаражат білім беру сапасын жақсарту, дарынды жастарды қолдау және ғылыми орталықтарды дамытуға бағытталмақ. Қаржының 588 млрд теңгесі ғылыми кадрларды даярлау мен ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық бұл жұмыстарға жұмсалады. Бұған дейін жұмыстарға бөлінетін қаржы көлемі төмен еді. Ендігі кезекте ел Үкіметі ғылымды дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, қаржыландыру көлемін ІЖӨ 1 пайызға жеткізуді көздеп отыр. Осыған орай өңірлерде білім берудің қолжетімділігі мен сапасын, ғылыми зерттеулердің нәтижелігін арттыру мақсатында аталған тұжырымдамаға өзгеріс енгізілді. Онда атап көрсетілгендей, басқарудың жаңа моделі, қолданбалы зерттеулер мен қорытындыларын коммерцияландыру, инфрақұрылымды цифрландыру, зияткерлік әлеуетті басымдыққа ие салаларды дамыту маңызды.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті 2026–2028 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға сәйкес, экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану, энергия, озық материалдар және көлік, озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар, елдің зияткерлік әлеуеті, өмір және денсаулық туралы ғылым, агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, биологиялық қауіпсіздік сияқты ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтады. Ведомствоның мақсаты 2030 жылға дейін ғалымдар санын арттырып, зерттеулер сапасын күшейту. Мұнымен қоса инновациялар генерациясының толық циклін қамтитын ерекше аймақ – ғылыми қалашықтар құруды көздеп отыр. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар негізінде бизнеске қолдауды екі есеге, жоғары технологиялық экспорт көлемін 20 пайызға арттыру жоспарланған.

Ел ғылымын дамыту мақсатында қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Жасанды интеллект туралы» заңдар жасанды интеллект, биомедицина, робот-техника, квантты технологияны дамыта отырып, еліміздің ғылыми-технологиялық үрдісте алдыңғы қатарлы елдермен

бәсекелестігін арттыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары ұлттық ғылымды дамытуға айтарлықтай қолдау көрсетіліп отырғанын ғылым саласына салынған инвестиция, жоғары оқу орындарының өндіріс ошақтарымен байланысының дамуы, елімізде шетел университеттері филиалдарының ашылуынан көрініс береді. Қазіргі таңда әлемнің беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнап, 33 филиалы ашылды. Технология паркттері және инжиниринг орталықтарының құрылуы ғылыми кадрлық әлеуетті дамытуда басымдыққа ие. Ұлттық Ғылым академиясының пәрмені күшейіп, қазіргі кезде ғылыми зерттеулер, өндіріс, бизнес, халықаралық ықпалдастығына қатысты маңызды жобалар іске аса бастады. 2025–2027 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың 113 ғылыми-техникалық тапсырысына сараптама жүргізілген. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты дамытуда ғалымдардың аймақтық ықпалдастығына да көңіл бөлінбекші.

Бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарында 30 мыңнан астам шетел студенті білім алып жатыр. Ал 2029 жылға қарай студенттер санын 100 мыңға жеткізу көздеп отыр. Үздік түлектеріміздің елде тұрақтап қалуына байланысты

жұмыспен қамту бағдарламасы да биыл жаңа сипатта іске асқалы отыр. Президент өз Жолдауында ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстырудың маңызына тоқталып, «Ғылым саласында елі де мемлекеттің үлесі басым екені. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы әлі де шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйлестіру ісімен белсенді түрде айналысуы керек», деген болатын.

Ғылым – экономикасы дамыған елдерде инновациялық дамудың қозғаушы күші. Ғылыми зерттеулер, заманауи әзірлемелердің 70 пайызға жуығына бизнес қолдау көрсетеді. Осы орайда Президент тапсырмасымен елімізде де жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың сол 1 пайыз қаржысын ғылымға аудару көздеп отыр. Биыл ғылым саласы мемлекет, сондай-ақ өндіріс тарапынан айтарлықтай қолдауға ие болмақ. Ал оның нәтижесі ел экономикасына бағытталған озық зерттеулер, инновациялық шешімдерден көрініс береді.

egemen.kz

"Best University Teacher" Competition 2025



УНИВЕРСИТЕТ ОҚЫТУШЫЛАРЫ – ЕЛДІҢ ҮЗДІКТЕРІ ҚАТАРЫНДА

«2025 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының қорытындысы бойынша еліміздің 37 жоғары оқу орнынан 150 оқытушы жеңімпаз атанды. Байқауға Қазақстанның 89 жоғары оқу орнынан 502 үміткер қатысқан.

Жеңімпаздар қатарында университеттің профессор-оқытушылар құрамынан 6 оқытушы бар. Атап айтқанда:

Адманова Гүлнұр Болатқызы – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Бекбаева Алтыншаш Упуқызы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Жумағалиев Ерлан Ұланұлы – техника ғылымдарының кандидаты, «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының профессоры;

Мынбаева Сандугаш Табылдыққызы – PhD, қауымдастырылған профессор;

Әбдірашит Асылбек Мирамханұлы – PhD, техникалық факультет деканының орынбасары;

Уахитова Багдагуль Тулеуқызы – PhD, «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының меңгерушісі.

Бұл жетістік университетіміздің ғылыми әлеуеті мен оқытушылар еңбегінің жоғары деңгейін көрсетеді. Аталған атақ иегерлеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, кәсіби біліктілігін арттыруға және жетекші университеттер мен ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуге мүмкіндік беріледі.

ПРЕПОДАВАТЕЛИ НАШЕГО УНИВЕРСИТЕТА В ЧИСЛЕ ЛУЧШИХ В СТРАНЕ

По результатам конкурса «Лучший преподаватель высшего учебного заведения в 2025 году» победителями стали 150 преподавателей из 37 университетов нашей страны. В конкурсе приняли участие 502 кандидата из 89 вузов Казахстана.

Среди победителей – 6 преподавателей из профессорско-преподавательского состава нашего университета. В частности:

Адманова Гульнур Болатовна – кандидат биологических наук, ассоциированный профессор;

Бекбаева Алтыншаш Упуовна – кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор;

Жумағалиев Ерлан Уланович – кандидат технических наук, профессор кафедры «Металлургия и горное дело»;

Мынбаева Сандугаш Табылдиевна – PhD, ассоциированный профессор;

Абдирашит Асылбек Мирамханұлы – PhD, заместитель декана технического факультета;

Уахитова Багдагуль Тулеуовна – PhD, заведующая кафедрой «Металлургия и горное дело».

Данные достижения демонстрируют научный потенциал нашего университета и высокий уровень работы наших преподавателей. Обладатели этой награды получают возможность проводить исследования, повышать квалификацию и проходить стажировки в ведущих университетах и научно-исследовательских центрах.

TEACHERS OF OUR UNIVERSITY AMONG THE BEST IN THE COUNTRY

According to the results of the national competition «The Best University Teacher – 2025», 150 teachers from 37 universities across Kazakhstan were recognized as winners. A total of 502 candidates from 89 universities took part in the competition.

Among the winners are six members of the academic staff of our university:

Gulnur Bolatovna Admanova – PhD in Biological Sciences, Associate Professor;

Altynshash Upyovna Bekbayeva – PhD in Physics and Mathematics, Associate Professor;

Erlan Ulanovich Zhymagaliyev – PhD in Technical Sciences, Associate Professor;

Sandygash Tabyldievna Mynbayeva – PhD, Associate Professor;

Asylbek Miramkhanuly Abdirashit – PhD, Deputy Dean of the Faculty of Engineering;

Bagdagul Toleuovna Uakhitova – PhD, Head of the Department of Metallurgy and Mining.

These achievements demonstrate the strong scientific potential of our university and the high professional level of its faculty. The award recipients are given opportunities to conduct research, improve their professional qualifications, and undertake internships at leading universities and research centers.

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі

Жып нәтижесі

УНИВЕРСИТЕТ ТАҢДАҒАН БАҒЫТ - ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САПА

Өңірлік университет – ең алдымен өзі орналасқан өңірдің игілігі мен үміті. Әсіресе ірі, көпсалалы университеттер тұтас өңірдің экономикалық әлеуетін, адами ресурстарын және зияткерлік келбетін қалыптастырады. Сондықтан университеттің даму бағыты мен нәтижелері облыс жұртшылығын бейжай қалдырмайды.

Ғылыми кеңесте өңірдегі серіктестер, қоғам белсенділері, жұмыс берушілер, ұжым мен студенттер алдында Жұбанов университетінің 2025 жылғы қызметі жөнінде есеп бердім. Жерлестеріміздің жыл сайын есепке қызығушылық танытып, белсенді қатысуы – біз үшін маңызды көрсеткіш.

Университет дамуының әр кезеңінде нақты мақсаттар айқындалады. Төрт жыл бұрын академиялық саясат пен мәдениетті трансформациялау процесін бастадық. Бұл қадам білім сапасын арттыруға, ғылымды өңір дамуының нақты тетігіне айналдыруға және жауапкершілікке негізделген академиялық орта қалыптастыруға бағытталды.

Жоғары талаптар мен бірыңғай сапа стандарты академиялық саясаттың өзегіне айналды. Бұл тек қабылдау талаптарына емес, оқу мазмұнына, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби деңгейіне де қатысты.

Еліміздегі алғашқы өңірлік ЖОО ретінде ҰБТ шектік межесін 90 балға дейін көтердік. Соған қарамастан, студенттер саны 14 500-ден асты. Профессор-оқытушылар құрамының сапасы да тұрақты түрде артып келеді: 2020 жылы PhD дәрежесі бар мамандар саны 19 болса, бүгінде бұл көрсеткіш 93-ке жетті. 2022 жылдан бері ағылшын тілін меңгеруге жағдай жасау және жас ғалымдарды қолдау өз нәтижесін беруде.

Оқыту процесі ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделеді. Сондықтан өңірге нақты пайда әкелетін қолданбалы зерттеулерге басымдық беріп отырмыз. 2021–2025 жылдар аралығында ғылымды қаржыландыру көлемі 160,5 млн теңгеден 2,126 млрд теңгеге дейін артты. Q1 және Q2 санатындағы журналдардағы жарияланымдар саны айтарлықтай өсті. Scopus дерекқорында индекстелетін мақалалардың 56 пайызы соңғы бес жылдың үлесіне тиесілі.

2025 жылдың маңызды жаңалығы – АҚШ-тағы Миннесота университетімен бірлесіп, әлеуметтік-гуманитарлық



ғылымдарға арналған зерттеу құзыреттіліктерін дамыту орталығының ашылуы.

Университеттің халықаралық кеңістікке белсенді интеграциялануы академиялық дипломатияны нығайтуға үлес қосуда. 2023 жылы ашылған Хериот-Уатт университетінің кампусында бүгінде 500-ден астам студент білім алуда. 2025 оқу жылында бұл кампусқа НЗМ, РФММ және БИЛ мектептерінің жоғары балл жинаған түлектерінің қабылдануы университетке деген сенімнің артқанын көрсетті. Білім алушылардың географиясы 14 өңірді қамтиды. Студенттерге шетелдік профессорлар дәріс береді. Сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алған жас мамандар үшін университеттің тартымды жұмыс берушіге айналғанын атап өткім келеді.

Тұрақты дамудың басты шарттарының бірі – адами капиталға қолайлы орта қалыптастыру. 2021 жылдан бері қызметкерлердің жалақысы үш рет кезек-кезеңімен көтерілді. Университет аумағының 90 пайызы Wi-Fi желісімен қамтылып, қолжетімді нүктелер саны 22-ден 220-ға дейін артты. Материалдық-техникалық база жаңартылып, 500-ге жуық компьютер сатып алынды, ғимараттарға реновация жүргізілді. Студенттер сарайы күрделі жөндеуден өтті.



Биыл жаңа оқу-зертханалық ғимараттың құрылысы басталды.

Біздің ұстаным – қысқа мерзімді нәтижеге ұмтылу емес. Университеттің басты құндылығы – академиялық сапа мен академиялық адалдық. Бұл күнделікті жұмысымыздың ажырамас бөлігі. Білім мен ғылым осындай ортада ғана тұрақты әрі нәтижелі дамиды деп сенеміз.

Лаура Қарабасова,
Zhubanov university ректоры

Халықаралық білім — болашаққа бастар жол

Бүгінгі таңда жоғары білімнің халықаралық деңгейде танылуы болашақ маман үшін аса маңызды. Осы тұрғыда Heriot-Watt университетін таңдауым — саналы әрі болашағыма бағытталған шешім болды.

Бұл университетті таңдауыма оның халықаралық беделі мен студенттерге ұсынатын кең мүмкіндіктері әсер етті. Университеттің басты артықшылықтарының бірі — оқу аяқталған соң қос диплом алу мүмкіндігі. Бұл бізге халықаралық деңгейде мойындалған маман атануға жол ашады.

Оқу барысында мен Go Global бағдарламасы аясында университеттің Малайзиядағы кампусында бір семестр білім алу мүмкіндігіне ие болдым. Бұл тәжірибе мен үшін тек академиялық тұрғыда ғана емес, өмірлік тәжірибе ретінде де өте құнды болды. Жаңа елде, басқа мәдени ортада білім алу менің дүниетанымды кеңейтіп, өзімді жан-жақты дамытуға үлкен ықпал етті.

Малайзия кампусындағы студенттік орта ерекше әсер қалдырды. Мұндағы студенттердің барлығы оқу үдерісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, белсенді білім алуға ұмтылады. Осындай ортада оқу өзіңе деген талапты күшейтіп, үздік нәтижеге жетуге ынталандырады. Қиын тақырыптар кездескен кезде біз бір-бірімізге көмектесіп, өзара қолдау көрсетіп отырдық.

Профессор-оқытушылар құрамы да студенттерге әрдайым қолдау көрсетуге дайын. Қажет болған жағдайда қосымша сабақтар ұйымдастырып, күрделі тақырыптарды қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізеді. Оқытушылардың ашық қарым-қатынасы мен студенттерге деген жанашырлығы оқу үдерісін әлдеқайда тиімді етеді.

Кампус инфрақұрылымы студенттердің өз бетінше білім алуына толық жағдай жасайды. Топпен жұмыс істеуге және жеке дайындалуға арналған заманауи оқу залдары бар. Соның ішінде



«365» деп аталатын оқу кабинеті тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл бізге демалыс немесе түнгі уақытта да еркін дайындалуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кампуса үстел теннисі, шахмат, бильярд сияқты демалыс аймақтары қарастырылған.

Университетте студенттер үшін пайдалы кездесулер мен семинарлар жиі ұйымдастырылады. Бұл шараларда

болашақта жұмысқа орналасу, түрлі тәжірибелерге қатысу және кәсіби даму жолдары туралы маңызды ақпараттар беріледі.

Малайзия кампусында әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттермен бірге білім алдым. Олардың қатарында Шотландия, Франция, Қытай, Үндістан және басқа да елдерден келген студенттер бар. Бұл түрлі мәдениеттермен танысып, жаңа достар табуға мүмкіндік берді. Шетелдік студенттермен араласу мен үшін ерекше әрі пайдалы тәжірибе болды.

Оқумен қатар Малайзияның керікті жерлерін аралауға да мүмкіндік туды. Куала-Лумпур қаласына жақын орналасқан кампус бізге ел астанасының тыныс-тіршілігімен танысуға жол ашты. Сонымен қатар теңіз жағалауы мен аралдарға саяхат жасауға мүмкіндік болды. Дәрістер болмайтын бір апталық демалыс кезінде Лангкави аралдарына барып, мұхит жағасында демалып қайттық. Бұл сапар менің жадымда ерекше әрі ұмытылмас естелік болып қалды.

Халықаралық кампуса білім алу — болашаққа салынған берік инвестиция. Бұл тәжірибе маған кәсіби тұрғыда ғана емес, тұлға ретінде де үлкен серпін берді.

Жанель Аманғали,
Heriot-Watt Ақтөбе кампусының студенті



Академиялық ұтқырлық

«Біз үшін маңызды белес»: егіз студенттер Малайзиядан келді



Heriot-Watt университеті Ақтөбе кампусының «Компьютерлік инженерия» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері Анель және Жанель Аманғали — Ақтөбе қаласындағы Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназияның түлектері.

Егіздер университет кампусының Ақтөбеде ашылуын ерекше қуанышпен еске алады.

«Heriot-Watt кампусының дәл осы қалада ашылғанын естігенде қуанышымызда шек болмады. Біз ойланбастан осы оқу орнын таңдадық», — дейді олар.

Қазіргі таңда Анель мен Жанель оқу үлгерімі бойынша үздік көрсеткіш танытып келеді. Олар Go Global бағдарламасы аясында университеттің Малайзиядағы кампусында бір семестр білім алып келді.

«Бұл тәжірибе біз үшін кәсіби және тұлғалық дамудағы маңызды белестердің бірі болды. Малайзия кампусындағы білім алу бізге тек теориялық білім ғана емес, жаңа мәдени ортада бейімделу, халықаралық ортада тәжірибе жинақтау және өзін жан-жақты дамыту мүмкіндігін берді», — дейді егіз студенттер.

Академиялық ұтқырлық — жаһандық мүмкіндік

Біз егіз-сыңарым Жанель екеміз бір семестр бойы Go Global академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Heriot-Watt университетінің Малайзиядағы кампусында үш ай бойы білім алу мүмкіндігіне ие болдық. Бұл сапар мен үшін тек академиялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар жеке даму, дүниетаным мен көзқарасымды кеңейту тұрғысынан да аса маңызды тәжірибе болды. Өз туған қаламда оқи отырып, халықаралық студент ретінде білім алғаным ерекше қуаныштымын.

Малайзиядағы оқу мен үшін халықаралық деңгейге шығудың алғашқы қадамы болды. Бұл тәжірибе арқылы мен енді тек Қазақстанмен ғана шектелмей, болашақта британдық дипломымның арқасында халықаралық деңгейде дамуға нақты мүмкіндік бар екенін түсіндім.

Әлемнің әр түрлі елінен келген студенттермен бірге оқу барысында мәдениетаралық қарым-қатынас орнатып, түрлі ұлт өкілдері арасынан көптеген достар таптым. Сонымен қатар ағылшын тілінде еркін сөйлеу қабілетімді одан әрі жетілдіруге үлкен мүмкіндік алдым.

Айта кетерлігі, Малайзия кампусындағы оқу үдерісі мен дәрістер Ақтөбе кампусындағы сабақтардан аса айырмашылығы жоқ. Дәрістер дәл сол форматта өтеді, ал оқытушылардың барлығы — өз саласының білікті мамандары. Кампустың басты ерекшелігі — студенттер санына байланысты аудиториялардың кең болуы және білім алушыларға



арналған қосымша іс-шаралардың көптеп ұйымдастырылуы.

Менің «Компьютерлік инженерия» мамандығын таңдауыма оның Қазақстанда жоғары сұранысқа ие болуы, болашағым үшін кең мүмкіндіктер ашуы және жаһандық еңбек нарығында халықаралық деңгейде бағалануы басты себеп болды.

Ал Heriot-Watt университеті менің осы мақсаттарымды жүзеге асыруға толықтай сәй-

кес келетін таңдаулы оқу орны деп есептеймін. Қос диплом алу мүмкіндігімен қатар, британдық білім беру жүйесіне негізделген оқу бағдарламасы және әлемнің бірнеше елінде орналасқан кампустары бұл университеттің артықшылықтарын айқындай түседі.

Анель Аманғали,
Heriot-Watt Ақтөбе кампусының студенті

Жып нәтижесі

Университет оқытушысы «Instructor of the Year» марапатының иегері

2025–2026 жылдардағы Huawei Annual Awarding Ceremony салтанатты рәсмінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Информатика және ақпараттық технологиялар кафедрасының меңгерушісі орынбасары, оқытушы, магистр Бану Өмірзақова «Instructor of the Year» атағын иеленді. Бұл марапат университет ұжымының IT білім беру бағытындағы тың еңбегінің нәтижесі екенін айқын көрсетті.

Іс-шара барысында университеттің тағы бір ірі жетістігі жарияланды: Жұбанов университеті Huawei компаниясының AI-SANA ұлттық бағдарламасы бойынша сертификатталған студенттер саны жөнінен Қазақстандағы үздік төрт академияның қатарына енді. Бүгінде AI-SANA бастамасы 45 академия мен 200 мыңнан астам студентті қамтып отыр. Осындай кең жүйеде университеттің көшбасшылық танытуы — оның аймақтық деңгейден ұлттық технологиялық орталыққа айналып келе жатқанын көрсетеді.

Осы қуанышты жаңалыққа орай біз Бану Өмірзақовамен арнайы сұхбаттасқан едік.

«Instructor of the Year» атағын иеленуіңізбен құттықтаймын! Сіз үшін бұл атақ қандай маңызға ие?

Мен үшін «Instructor of the Year» атағы — бұл Huawei сияқты жаһандық технологиялық алпауыттың біздің еңбегімізді халықаралық стандарттар деңгейінде мойындауы. Бұл атақ тек жеке жетістік ғана емес, студенттеріміздің талпынысы мен біздің инструкторлар командасының тоғысқан ортақ жеңісі деп білемін. Студенттеріміздің сертификат алып, IT нарығында сұранысқа ие маман атанып жатқаны — біздің осы жолда ұстанған бағытымыздың дұрыстығын дәлелдейді. Алдағы уақытта да жүздеген студенттің жаңа технологияны меңгеруіне жол ашу — менің кәсіби парымым.

Бұл марапат маған бұдан да жоғары деңгейде жұмыс істеуге, жаңа идеялар мен жобаларға үлкен шабыт беріп, студенттерімізге ең үздік әрі сапалы білімді беруге міндеттейді.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Қазақстандағы ең үздік 4 академияның қатарына кіруі — біздің университет еліміздің жетекші оқу орындарымен терезесі тең дәрежеде бәсекелесе алатынын көрсетті. Бұл марапат оқытушылар құрамының жоғары кәсіби әлеуетін және университетіміздің заманауи технологиялық трендтердің алдыңғы шебінде келе жатқанын айқындайды.

Huawei талап ететін халықаралық стандарттарға сай болу үшін қандай кәсіби дайындықтан өттіңіз?

Шын мәнінде, бұл марапат — бір күндік дайындықтың емес, жылдар бойы қалыптасқан кәсіби базаның нәтижесі. Huawei стандарттары өте жоғары, бірақ Жұбанов университетінің оқытушылар құрамы оңсыз да іргелі ғылыми және практикалық деңгейге



ие. Маған қосымша курстардан өтудің қажеті болмады, себебі біздің базалық біліміміз бен бағдарламаларымыз халықаралық талаптарға толық жауап береді. Біздің міндетіміз тек сол білімді Huawei-дің заманауи технологиялық шешімдерімен ұштастырып, студенттерге сапалы жеткізу болды. Сондықтан, бұл жеңіс — біздің оқытушыларымыздың бұрыннан қалыптасқан жоғары кәсібилігінің дәлелі.

Әріптестеріңізбен тәжірибе алмасу кәсіби дамуыңызда қаншалықты маңызды рөл атқарады?

Тәжірибе алмасу — кәсіби өсудің ажырамас бөлігі. Астанада өткен «Annual Awarding Ceremony» сияқты шаралар басқа академиялардағы әріптестермен кездесіп, оқытудың тиімді әдістерін талқылауға мүмкіндік береді. Бұл бізге ортақ экожүйеде дамуға және білім беру сапасын бірлесіп көтеруге көмектеседі.

Мемлекет басшысы цифрландыру мен жасанды интеллектің дамуы туралы қандай жаңа мақсаттар мен жоспарлар бар?

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы — еліміз үшін тарихи және стратегиялық шешім. Бұл жай ғана атау емес, бұл Қазақстанның әлемдік технологиялық бәйгеге толыққанды қосылғанын білдіреді.

Біз, оқытушылар, бұл бастаманы үлкен жауапкершілікпен қабылдадық. AI-SANA сияқты ұлттық бағдарламалардың жүзеге асырылуы Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігін нығайтса, жақында қол қойылған Цифрлық кодекс пен Жасанды интеллект туралы заң біздің жұмысымызға жаңа сер-

пін берді. Дәл осы цифрландыру жылы мен AI-SANA бағдарламасы аясында біздің университеттің Huawei-дің үздік академиялары қатарынан көрінуі — Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іс жүзінде орындап жатқанымыздың айқын дәлелі. Біздің мақсатымыз — осы жылдың аясына сай, елімізді цифрлық державаға айналдыратын білікті кадрларды даярлау.

Бүгінде студенттердің IT және цифрлық технологияларға қызығушылығы туралы не айта аласыз?

Қызығушылық өте жоғары. Huawei бойынша еліміздің 210 мыңға жуық студентінің тіркелуі және олардың белсенді түрде халықаралық сертификаттар алуға ұмтылуы соның дәлелі. Студенттер IT саласының болашақтың мамандығы екенін және Huawei сертификаты олардың жаһандық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын жақсы түсінеді.

Алдағы уақытта өзіңіздің оқытушылық қызметіңізде қандай жаңа мақсаттар мен жоспарлар бар?

Негізгі мақсат — жетістікті еселеу. Университетімізді үздіктер қатарында сақтап қана қоймай, сертификатталған студенттер санын одан әрі арттыруды, студенттерді Roadshow сынды білім беру турларына қатыстыруды жоспарлап отырмын. Сондай-ақ, жасанды интеллект бағытында жаңа курстарды үйрету, енгізу арқылы Жұбанов университетінің цифрлық әлеуетін нығайта түсу — басты жоспарым.

—Өңімеңізге рақмет. Сәттілік тілеймін!

Сұхбаттасқан: Жадыра АРЕН

✓ Partnership

HERIOT-WATT SEES KAZAKHSTAN AS STRATEGIC PARTNER IN HIGHER EDUCATION



Kazakhstan's clearly defined higher education strategy makes it a compelling partner for international universities, Heriot-Watt University Vice-Chancellor Richard A. Williams said in an interview with The Astana Times.

Heriot-Watt University Vice-Chancellor Richard A. Williams visited Aktobe in December 2025. Photo credit: Zhubanov Aktobe Regional University

"The country's commitment to internationalisation, English-medium provision, research-led education, and stronger links between universities, industry and innovation creates a powerful foundation for long-term collaboration. From our perspective, this alignment is critical," said Williams.

Heriot-Watt University partnered with Zhubanov Aktobe Regional University to establish a campus under an agreement signed between Kazakhstan and the university in February 2023. The partnership is part of Kazakhstan's broader push spearheaded by President Kassym-Jomart Tokayev to bring foreign partners into its higher education system, strengthening quality, resilience and alignment with international standards.

Williams explained Heriot-Watt's strategy through 2035 focuses on nurturing what they deem future shapers, graduates and researchers who tackle real-world challenges "through applied

learning, strong employability outcomes and mission-led research."

"Kazakhstan's ambitions to become a regional academic and innovation hub resonate very strongly with that purpose," he added.

Williams said growth is strongest where national priorities align with global demand, particularly in digital technologies, engineering, energy transition, geoscience, critical minerals and sustainable infrastructure.

"These are precisely the domains where Kazakhstan has strategic economic interests and where Heriot-Watt brings globally recognised expertise. Over time, we also see strong potential for growth in postgraduate education, doctoral training and industry-embedded research," he said.

Partnership with Aktobe

Besides Kazakhstan, Heriot-Watt operates campuses in Malaysia and the United Arab Emirates. Explaining the rationale behind the decision to establish a campus in Aktobe, Williams said it was a "mission-led decision, not simply a geographic one."

From L to R: Richard Williams, Director of the Department of International Initiatives at the University of Minnesota Marina Aleisho, Vice Minister of Science and Higher Education of Kazakhstan Gulzat Kobenova and Chair of the Board —

Rector of Zhubanov Aktobe Regional University Laura Karabassova. Photo credit: Zhubanov Aktobe Regional University

"We chose Kazakhstan because of the alignment between national ambition and our founding purpose to make modern, industry-relevant education accessible for societal benefit. We chose Aktobe and Zhubanov University because of the region's strategic economic role and the exceptional quality of local leadership," he said.

He highlighted Aktobe's vital role as Kazakhstan's industrial and energy region, where demand for engineers, computer scientists, and energy specialists is high.

"That creates a direct pathway from education to employment and regional economic development," he added.

Williams also commended the university's leadership, saying their clear vision, openness to deep integration and long-term commitment to international standards were critical to making the partnership possible.

Delivering U.K. standards in Kazakhstan

"At Heriot-Watt, we operate as one global, fully integrated university. That means one degree, one set of academic standards, one quality framework, and one shared culture regardless of whether a student studies in the U.K., at our

campuses in Dubai and Malaysia, or in Kazakhstan. This 'One Heriot-Watt' model is foundational to our reputation and is absolutely central to the Aktobe partnership," Williams explained.

In practical terms, programs in Aktobe mirror those in the United Kingdom, following the same curricula, learning outcomes and assessment standards, with teaching fully integrated into Heriot-Watt's global academic teams.

Heriot-Watt, supported by external examiners, designs and moderates all summative assessments. Students are also embedded in the university's global learning environment, with access to its digital platforms, research materials and academic communities. They can also move between Heriot-Watt campuses worldwide.

"This approach aligns directly with Strategy 2035's commitment to exceptional student experience, employability, global connectivity and real-world learning, no matter where students are located.

Employability is built in from the outset through industry-aligned curricula and projects, ensuring graduates are not only academically strong but immediately relevant to the labour market," he said.

Rolling out the partnership in phases

He highlighted three ways the Aktobe campus is expected to contribute: human capital development, innovation and research capacity and international visibility.

"Our collaboration is deliberately structured in phases, beginning with undergraduate delivery and progressing into research and postgraduate development," said Williams.

In the initial phase, he said the partnership's priorities include launching three fully integrated undergraduate programs in computer science, electrical and electronic engineering, and energy-related engineering. This goes alongside the rollout of Heriot-Watt's full academic infrastructure, from learning platforms and assessment frameworks to staff development systems. He added that the first delivery cycle is expected to produce thousands of globally trained graduates.

"As the partnership matures, we fully expect to see joint research centers and thematic research clusters, collaborative PhD programming, and the potential for industry-embedded research platforms aligned to national priorities," he explained.

Kazakhstan's higher education development

Williams noted Kazakhstan's "remarkable progress" in bringing its higher education system in line with global standards, pointing to progress in governance reforms, international accreditation, English-medium instruction and greater institutional autonomy. He also emphasized a clear ambition to attract international students and integrate research into teaching more closely.

Williams said the next major opportunities lie in launching structured student and community enterprise initiatives, in-



cluding enterprise centers that foster entrepreneurial thinking, new business creation and innovation within existing regional industries.

He also pointed to the need to scale research intensity, particularly through international, industry-linked doctoral programs, while embedding challenge-based and applied learning more systematically across disciplines and strengthening ties between universities, employers and national innovation systems.

"What is particularly encouraging is that institutions like Zhubanov University are not waiting for reform to be complete – they are actively shaping it. Their leadership's willingness to embed international quality systems, external examining and global academic culture speaks to a genuine commitment to transformation," he said.

Partnership between Kazakhstan and the U.K.

Williams noted substantial opportunities for cooperation between Kazakhstan and the U.K.

"Kazakhstan sits at the heart of some of the most important global transitions now underway – critical minerals, energy security, decarbonisation and clean technology," he said.

"In my view, the single biggest opportunity is for the nation to play a leading part in demonstrating recovery of minerals using sustainable mineral processing techniques and adoption of integrated en-

ergy systems, including long-term energy storage systems such as liquid air storage. There is an opportunity to develop research and educational programmes in this domain both for primary processing and secondary [recycling] processes," said Williams, who has a background in mineral engineering, energy storage and environmental technologies.

He added that there is strong demand for the deployment and testing of energy transition technologies, including integrated energy systems, storage solutions and smart grids, alongside carbon capture, utilization and storage, particularly for emissions-intensive industrial sectors. He also highlighted opportunities in environmental remediation and sustainable resource management, which bring together engineering and environmental science.

"Heriot-Watt's research culture is deeply focused on mission-driven, real-world impact, and Kazakhstan offers both the scale and the ambition to turn joint research into globally significant outcomes," Williams said.

The emphasis on education echoes recent comments by the U.K. Ambassador to Kazakhstan, who spoke with The Astana Times' Aida Haidar and said that higher education remains a key pillar of bilateral cooperation.